

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар атқарылуы тиіс ұйымдардың тізбесін бекіту туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № а-9/124 қаулысы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Егіндікөл аудананың әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстардың түрлері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
3. "Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бәғдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен әкімшілік жазаға тартылған адамдардың қоғамдық жұмыстарды орындауын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Егіндікөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Қ.Қ. Әбішке жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Ю.Курушин

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "19" қыркүйектегі
№ а-9/124 қаулысына
1-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың тізбесі мен түрлері

№ р/с	Қоғамдық жұмыстардың түрлері
1	Аумақтарды, көшелер мен алаңдарды абаттандыру, тазалау және көгалдандыру
2	Ағаштар мен бұталарды кесу, бұтақтарды кесу
3	Ағаштардың, бұталардың және гүл көшеттерінің көшеттерін отырғызу және арамшөптерден тазарту
4	Автобус аялдамаларының аумақтарын абаттандыру және тазалау
5	Тротуарлар мен жолдарды абаттандыру кезіндегі қосалқы жұмыстар
6	Жолдарды абаттандыру элементтерін бояу

7	Жол техникасы үшін қол жетпейтін жерлерде жол төсемдерін тазалау
8	Спорт және балалар алаңдарын абаттандыру
9	Арнайы кәсіптік даярлықты қажет етпейтін жұмыстардың басқа түрлері
10	Агроөнеркәсіптік кешен және сауда кәсіпорындарындағы қосалқы жұмыстар

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "19" қыркүйектегі
№ а-9/124 қаулысына
1-қосымша

Қоғамдық жұмыстардың орындалуға тиісті ұйымдардың тізбесі

№ р/с	Ұйымның атауы
1	"Егіндікөл ауданы әкімі аппараты" ММ
2	"Егіндікөл ауданы Егіндікөл ауылы әкімі аппараты" ММ
3	"Егіндікөл ауданы Қоржынкөл ауылы әкімі аппараты" ММ
4	"Егіндікөл ауданы Абай ауылы әкімі аппараты" ММ
5	"Егіндікөл ауданы Спиридоновка ауылы әкімі аппараты" ММ
6	"Егіндікөл ауданы Буревестник ауылы әкімі аппараты" ММ
7	"Егіндікөл ауданы Жалманқұлақ ауылдық округі әкімнің аппараты" ММ
8	"Егіндікөл ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімі аппараты" ММ
9	"Егіндікөл ауданы Алакөл ауылдық округі әкімі аппараты" ММ
10	"Егіндікөл ауданы Бауман ауылы әкімі аппараты" ММ